

ӘОЖ 371.3

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАР АРҚЫЛЫ АРТТЫРУ**

*Ибрагим Жаңылай, Жаксибаева Дарига, Жабықбай Елнұр*

6B01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру  
бағдарламасының 3-курс студенттері,  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

**Ғылыми жетекші:** Г.И.Салгараева,  
п.п магистрі, аға оқытушы

*Мақалада білім саласында болып жатқан бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын тиімді стратегиялар арқылы арттырудың маңыздылығы баяндалған. Бұл зерттеу бастауыш сынып оқушыларына білім беру үдерісінде мотивацияны арттырудың заманауи стратегияларын анықтап, олардың артықшылықтарын көрсету мақсатында өзекті болып отыр.*

**Кілт сөздер:** мотивация, оқу мотивациясы, тиімді оқу стратегиялары, тиімді әдіс тәсілдер.

"А.К. Маркова, - бұл оқушының санасына дайын мотивтер мен мақсаттарды салып қою емес (бұл басқаны манипуляциялауға әкелуі мүмкін), керісінше, оқушының белсенділігін дамытуға жағдай жасайтын шарттар мен жағдайларды құру, мұнда қажетті мотивтер мен мақсаттар өткен тәжірибені, жеке ерекшеліктерді және оқушының ішкі талпыныстарын ескере отырып, қалыптастыру"-деп тұжырымдайды.

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялар мен жаһандану үрдістерінің қарқынды дамуы балалардың назарын дәстүрлі білім беру үдерісінен басқа бағыттарға аударуда. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын төмендететін факторлар мен кедергілердің алдын алу маңызды.. Қазіргі бастауыш сынып оқушыларын оқытудың әдістемесін қарай отырып, мұғалімдер оқытудың тиімді әдістерін сабақ барысына қалай қосатындығы жайлы қарастыру керек.Бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын арттыру мен құрастыру барысында әдістемелік жолдарының жеткіліксіз болуы оқу процессінде қазіргі біршама мәселелердің бірі.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2011 жылғы 18 қаңтардағы № 319-IV) заңына сәйкес,бұл заңның негізгі міндеті білім беруді

дамытудың ұлттық жүйесін қалыптастыру. Оқу мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқаратын бірқатар принциптер мен тетіктерді қамтиды:

- Білім беру ұйымдарының міндеттері мен құқығы: Заң оқу орындарына білім беру сапасын арттыру, студенттердің, оқушылардың қызығушылығын ояту және қолдау көрсету міндеттерін жүктейді. Оқу орны оқушы мен студенттің өз қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес білім алуына жағдай жасауы тиіс.

- Жеке тұлғаға бағытталған білім беру: Заң білім беру жүйесінде әрбір адамның жеке ерекшеліктеріне, қабілетіне және қызығушылығына негізделген әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл тәсіл оқушылардың оқу процесіне деген мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

- Қолдау және ынталандыру шаралары: Мемлекет тарапынан білім алушыларға арналған гранттар, шәкіртақылар, жеңілдіктер мен жеңілдетілген несиелер оқу мотивациясын арттыратын маңызды құралдар.

Осы тұста мотивация ұғымына анықтама бере кетсек. Психология ғылымы бойынша адамға әрекет ету жоспарын құрғызған, іс бастатқызған, мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, істі табанды жалғастырып, мақсатқа жетуге құлшындырған ішкі ынталылықтың әсері болып қарастырылады. Мотивсіз немесе әлсіз мотивпен әрекет мүлдем жүзеге асырылмайды немесе өте тұрақсыз болып шығады. Осы ұғымның нақты мағынасын тереңірек түсіну үшін түрлі сөздіктердегі анықтамаларды қарастырып көрген болатынбыз.

1. С.И. Ожеговтың сөздігі бойынша, мотивация-адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауға итермелейтін себептердің жиынтығы [2]. Бұл себептер ішкі ниеттерге, қызығушылықтарға немесе сыртқы факторларға байланысты болуы мүмкін.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі мотивацияны жеке тұлғаның іс-әрекетке, мақсатқа ұмтылуға деген ішкі ынтасы немесе сыртқы әсер етуші факторлары деп анықтайды [3]. Бұл анықтама мотивацияның адам іс-әрекетіне тікелей әсер ететінін және оның ішкі және сыртқы қозғаушы күштерге байланысты екенін көрсетеді.

3. Психологиялық сөздік мотивацияны адамның іс-әрекетін ынталандыратын және бағыттайтын психологиялық үрдіс ретінде сипаттайды [4]. Бұл үрдіс адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру қазіргі таңдағы маңызды мәселелердің бірі болып қарастырылады. Оқу мотивациясы жайлы айтып өткен ғалымдардың сөздеріне назар аударсақ: Гарри Келлердің (1987) айтуынша, оқу мотивациясы оқушының өз білімін жетілдіруге деген қажеттілігін сезінумен тығыз байланысты.

Джон Дьюидің «Белсенді оқу» тұжырымдамасы оқушылардың білімге деген ынтасын арттыруға бағытталған инновациялық әдістердің бірі болып саналады. Оның негізгі идеялары –оқушылардың белсенді әрекет етуіне,

тәжірибеге негізделген оқуына, және жеке қызығушылықтарын ескеруіне сүйене отырып, оқыту процесін ұйымдастыру. Мұндай әдістер бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға, олардың танымдық қабілеттерін дамытуға, және білімге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді [5]. Дьюидің пікірінше, оқыту тиімді болуы үшін оқушылар алған білімдерін өмірде қолдана алатын нақты тәжірибелермен байланыста болуы керек. Бұл әдіс балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі, өйткені олар оқу материалдарын шынайы өмірдегі жағдайларға байланысты көре алады. Дьюи балалардың табиғи қызығушылығы мен зерттеуге деген ұмтылысы олардың оқу процесіндегі мотивациясының негізі екенін атап өтеді. Балалар өз бетінше зерттеп, жаңа нәрселерді үйренуге тырысады. Егер оқыту процесі олардың осы табиғи қызығушылықтарына сәйкес ұйымдастырылса, олардың оқу мотивациясы автоматты түрде артады. Дьюи бұл қызығушылықтарды қолдау үшін балаларға тәжірибелік тапсырмалар, шынайы өмірмен байланысты жобалар және мәселелерді шешу әдістерін ұсыну керектігін айтады.

Отандық ғалым М.М.Акижанова оқу мотивациясы жайлы тұжырымдамасында оқушылардың оқу процесіне деген ынтасын арттыру үшін психологиялық аспектілерді, әлеуметтік факторларды және жеке ерекшеліктерді ескере отырып қарастырады. Оның пікірінше, оқу мотивациясы – бұл оқушының оқу әрекетіне деген ішкі қажеттілігі мен қызығушылығы. Акижанова мотивацияны бірнеше түрге бөледі: ішкі мотивация (білімге деген қызығушылық) және сыртқы мотивация (марапаттар мен бағалар). Ол оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін білім беру ортасын қолайлы ету, қызықты әрі мазмұнды сабақтар өткізу, сондай-ақ, оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру қажет екенін атап көрсетеді. Сонымен қатар, Акижанова мұғалімдердің рөлін маңызды деп санайды [6].

Отандық ғалым Н.Т.Сартаева оқу мотивациясы туралы тұжырымдамасында оқушылардың білімге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін кешенді тәсілдерді ұсынады. Оның тұжырымдамасы бойынша, оқу мотивациясын арттыру үшін келесі аспектілерге назар аудару керек:

- Тұлғалық ерекшеліктерді ескеру: Әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсіну.
- Оқу ортасын қолайлы ету: Сыныптағы атмосфераның достық, ынтымақтастықты нығайтуы.
- Мұғалімнің рөлі: Мұғалімдер оқушыларды қолдап, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуы тиіс.
- Белсенді оқыту әдістері: Оқушыларды белсенді түрде қатыстыру, проблемалық жағдайлар арқылы ойлануға ынталандыру.

Сартаеваның тұжырымдамасы оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін білім беру жүйесінде интеграцияланған әдістер мен тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Оқу процесінде оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды, мысалы, ойын элементтерін енгізу, шығармашылық тапсырмалар беру және топтық жұмыстар ұйымдастыру. Білім беруде тәжірибенің маңыздылығын атап өткен. Оқу процесі қызықты және тәжірибеге негізделген болған кезде, оқушылардың мотивациясы да артады. Сондай-ақ, мұғалімдердің рөлі ерекше. Олардың оқушылармен қарым-қатынасы, ынталандыруы және оқушыларға сенім білдіруі оқу мотивациясын қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады. Осылайша, педагогикалық стратегияларды тиімді түрде қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік бар.

Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру әдісін кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған бастауыш сынып оқушыларына білім беруде қолдану жемісті болмақ. Бастауыш сыныптан жемісті жолға қойылған білім беру әдістемесі, олардың кейінгі сыныптарда да жоғары сапалы білім алуына, ой-өрісін дамытуға жол ашады. Еліміздегі білім берудің стандартына сай бастауыш сынып оқушыларына көбіне бір ұстаз бірнеше пәннен сабақ береді. Ал ол пәндердің әрқайсысы орта білім берудегі өзге пәндердің негізін құрайды. Оқушылардың оқыту процессіндегі қызығушылықтарын ашу олардың білім сапасына және болашақтағы жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға бағытталған тиімді стратегияларды қолдану қажеттілігі артып отыр. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға бағытталған тиімді стратегиялар қарастырылады. Қазіргі заман талабына сай заманауи педагогикалық тәсілдер арқылы балалардың білімге деген қызығушылығын қалай ынталандыруға болатыны жайлы, олардың оқуға деген ішкі сұранысын қалыптастыру жолдары және мұғалімнің оқыту жұмысындағы маңызды әдістері талқыланады. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту процесінде, оқушылардың мотивациясын арттыру тек қана оқушылардың мектептегі жетістіктерін айқындап көрсетуімен шектелмей, оқушылардың тұрақты, ұзақ мерзімдегі қызығушылықтарын аша отырып білім алуын қамтамасыз етеді.

Бастауыш сыныптарында оқушыларды таным қабілеттері жаңа деңгейге көтеріледі сол себепті осы уақытта баланың оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыру маңызды. Мұғалімдердің басты мақсаты оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, білім алуға ынтасын әрі тұрақты ұмтылысын қалыптастыру. Бұл жұмыста оқу мотивациясын арттыруға бағытталған түрлі педагогикалық стратегиялар қарастырылады. Оның ішінде, оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқыту, топтық жұмыс, жобалық әдістер, ойын


технологиялары, мадақтау мен кері байланыс жүйесін тиімді қолдану тәсілдері жан-жақты талданады.

Ресей ғалымы П.Я.Гальперин “Жылқыны суару шұңқырына апара аласыз, алайда оны су ішуге мәжбүрлей алмайсыз. Сол сияқты баланы үстелге отырғызып мінсіз тәртіпке қол жеткізе аламыз алайда қызығушылықты оятпастан, ішкі мотивациясыз бұл тек оқу іс-әрекетінің сыртқы көрінісі болып қала бермек” [7].

Бүгінгі таңда «оқу мотивациясы» деген ұғымның біржақты анықтамасы жоқ. Авторлар бұл ұғымды «білім беру мотивациясы», «оқушы мотивациясы», «оқу әрекетінің мотивациясы» деген сияқты сөздерді синоним ретінде қолдана береді. Қазақ тілінде бұл сөзді «ынта», «қызығушылық», «уәждеме» деп әртүрлі аударарды.

Мотивация мақсатқа бағытталған мінез-құлықты бастайтын, бағыттайтын және қолдайтын үдеріс. Оқу мотивациясы, әсіресе, бастауыш сыныптарда өзекті, өйткені дәл осы кезеңде балада білім алуға деген ұмтылыс пайда болады. 6-7 жасар бала мектепке барғанды қызық көреді, әлеуметтік ортаға түсіп, жаңа достар тапқысы келеді, қоршаған ортаны, әртүрлі құбылыстардың себебін білуге деген құштарлығы жоғары болады. Психологтар бастауыш сыныптан бастап баланың оқуға деген мотивациясы қаншалықты жоғары болса, келешекте, орта және жоғары сыныптарда мектепте оқуы табысты болады деп санайды. Сонымен қатар, бұл жаста баланың оқу әрекеті жетекші әрекетке айналады да, айтарлықтай тұрақты болады. Оқушыларға сол пәндердің негізін оқытуда бірсарындылыққа жол бермей, оқуға ынтасын заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалану әлдеқайда тиімді болмақ. Осы тұста біз ақпараттар көзін зерттей келе, бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруға көмектесетін бірқатар стратегияларды қарастырып көрдік.

#### **Балардың мотивациясын арттыруда қолданатын әдіс-тәсілдер.**



*Мадақтау және марапаттау* арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру. Ең алдымен мотивацияны арттыруда мадақтау мен марапаттаудың әсері қаншалықты тиімді екенін талдау көрейік. Марапаттарды алу мен оқушылардың академиялық жетістіктері арасында елеулі оң байланыс бар, бұл марапаттардың сыртқы мотивация ретінде тиімділігін көрсетеді. Оқушылар марапаттарды алғашқы алу барысында ынталандыру ретінде қабылдайды, олар уақыт өте келе сыртқы мотивациядан ішкі мотивацияға өтуге көмектеседі, бұл шынайы оқу сүйіспеншілігін қалыптастырады. Марапаттар мінез-құлықты өзгерту мен тапсырмаларды орындауда қысқа мерзімді пайда ұсынса да, олардың оқушылардың ішкі мотивациясына және оқу тәжірибесінің сапасына ұзақ мерзімді әсері күрделі.

Сыртқы марапаттарды, мысалы, жапсырмалар, сертификаттар немесе шағын сыйлықтар сияқты материалдық ынталандыруларды қолдану – көптеген бастауыш мектептерде оқушыларды тапсырмаларды орындауға, академиялық жетістіктерге жетуге немесе жағымды мінез-құлық көрсетуге ынталандырудың кең таралған тәжірибесі болып саналады. Марапаттардың тек ынталандырушы құралдардан гөрі, оқушылардың қызығушылығы мен оқу құштарлығын оятатынын көрсетеді. Балаларды марапаттау бастауыш сынып оқушыларын келешекте де сыртқы мотивациядан өздігінен білім алуға, интеллектуалдық тұрғыда ізденуге және дамуға жол ашады. Себебі марапаттау және мадақтау жұмыстарын бастауыш сынып оқушыларына жүргізу олардың сабақ барысына деген ынтасын, сонымен қатар зейінін тұрақтандыруға, қызығушылығын одан ары арттыруға септігін тигізеді. Марапаттар сыныпта оң атмосфера қалыптастырады, бұл ынта-жігер және белсенді қатысуды қамтамасыз етеді. Марапат алған оқушылар академиялық және эмоционалды тұрғыдан оқу үдерісіне қызығушылық танытады. Академиялық және эмоционалды мотивацияны біріктіретін кешенді білім беру оқушылардың тәжірибесін жақсартады. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты оқу процессінде жасалынған жұмысы үшін марапаттау, оқушының келесі сабаққа деген оқу ынтасын арттыруға кепілдік береді. Сонымен қатар марапаттар мен мадақтауларды жеке қажеттіліктеріне және қызығушылықтарына сәйкес бейімдеу балалардың ұзақ мерзімді мотивациясын арттыруға көмектеседі. Жеке жетістіктері мойындалған кезде, балалар өзін құнды әрі маңызды сезінеді.

*Көрнекілік құралдар арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру*

Көрнекілік құралдар күрделі ақпаратты қарапайым, түсінікті етіп жеткізеді. Бастауыш сынып оқушыларына мәтіндік ақпараттан гөрі суреттер, графиктер, диаграммалар арқылы түсіндіру оңайырақ. Оқушылардың қызығушылығын арттыру: суреттер, видео және интерактивті тақта сияқты құралдар сабақтың

қызықты өтуіне көмектеседі. Мұндай әдістер балалардың назарын ұстап, сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

**Интерактивті тақта:** Интерактивті тақта сабақтың тиімділігін арттырады. Мұғалім материалды түрлі түстермен және графикалармен көрсетіп, суреттерді үлкейтіп, ұсақ бөліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар өздері тақтада сурет сала отырып, тақырыпты меңгеру процесіне белсенді қатысады.

**Анимациялар:** Сабақ барысында анимациялар қолдану балаларға әртүрлі процестерді түсінуге көмектеседі. Мысалы, өсімдіктердің өсу процесін анимация түрінде көрсету балалардың назарын аударып, оларды сабақты мұқият тыңдауға ынталандырады. Көрнекілік құралдарды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс балалардың қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың есте сақтау қабілетін жақсартады және оқу материалын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Мұғалімдер көрнекілік құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқу процесін қызықты, ұмытылмастай ете алады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының білімге деген құлшынысы артып, олардың шығармашылық қабілеттері мен зияткерлік дамуын қамтамасыз етеді.

**Дидактикалық ойындар** арқылы арттыру. Дидактикалық ойындар арқылы баланың оқу процесіне деген мотивациясын қалыптастыра аламыз. Балалар үшін ойын табиғи әрекет, олар ойын арқылы өмірді таниды және білімді жеңіл қабылдайды. Дидактикалық ойындар балаларға сабақта күрделі және жаңа материалды ойын арқылы түсінікті әрі қызықты етіп ұсынады. Ойын барысында балалар жаңа білім алады, бірақ бұл процесс оларға ойын ретінде көрінгендіктен, оқу ауыртпалық ретінде қабылданбайды. Бұл олардың сабаққа деген мотивациясын арттырып, белсенді қатысуға ынталандырады.

Дидактикалық ойындар балаларды белсенді қатысуға ынталандырады. Балалар ойында тек пассивті тыңдаушы рөлінде қалмайды, керісінше, белсенді қатысушы ретінде ойнайды, әрекет етеді, шешімдер қабылдайды. Ойын барысында бала өзінің оқуына жауапты болып, сабақта белсенді рөл атқарады. Бұл олардың оқу процесіне мотивациясын арттырады.

Қортындылайтын болсақ бастауыш сыныптардағы оқу мотивациясы қазіргі таңдағы ең ауқымды, өзекті тақырыптардың бірі. Оқу мотивациясы - баланы жетістікке жетелейтін, қызығушылығын арттыратын негізгі ынталандырушы күш болып табылады. Бастауыш сынып оқушыларының бойында білімге деген құштарлықты, баланың білім туралы жағымды әсер қалыптастыру баланың болашақтағы жеке тұлға, білімпаз ұрпақ болуының негізін қалайды. Зерттеулер мен тәжірибелер жүргізу нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясының тиімді стратегиялар арқылы жақсы жетістіктерге жетістіктерге жетуге болатынын дәлелдеді. Бірінші кезекте, оқу мотивациясын оңалту үшін оқытудың қызықтырушы және ынталандырушы

әдістерін пайдалану айтарлықтай маңызды .Бұл әдістерге мадақта және марапаттау, топтық жұмыс, ойын элементтері шығармашылық тапсырмаларды жатқызамыз. Бастауыш сынып оқушыларының белсенділігі артқан сайын, оқу материалына деген қызығушылықтары да арттады .

Екіншіден, мақтау мен қолдаудың маңызы өте зор .Оқушылардың қандай да бір жетістіктері үшін марапаттау олардың құлшыныстарын талпыныстарын түсіне білу, бағалай білу, қолдау көрсету баланың оқуға деген мотивациясын күшейтеді. Мотивацияның жоғары болуы оқушылардың білім алу барысында өздерін сенімді ұстауына, оқу материалын жетік меңгеріп шығуына, сонымен қоса танымдық белсенділігінің көбейуіне өз септігін тигізеді. Сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің арасындағы байланыс пен қарым -қатынаста үлкен маңызға ие. Мұғалімнің оқушылармен ашық, сенімді қарым-қатынаста болуы оқушының оқуға деген ынтасын арттырады. Оқушына жеткілікті түрде көңіл бөлу ,әлсіз және мықты жақтарын елеп ескеру және оны дамытуға арналған арнайы тапсырмалар беру оқу мотивациясын одан әрі жақсы сақталуына оң әсерін тигізеді. Әрбір оқушы өзінің маңызды екендігін,өзінің жұмысына лайықты түрде баға алғанын ,түсінгенде оқу үдерісіне одан әрі белсене қатысатын болады.Тағы ескере кететін жағдай ол ата-анамен бірлесе отырып қызмет атқару. Ұстаздар мен ата-аналардың бірігіп жұмыс жасауының пайдасы бала өзінің үйінде де , мектебінде де толық қолдаумен қамтамасыз етіледі. Ата-Аналармен жұмыс арқылы баланың оқу үдерісіндегі мотивациясының бірқалыптылығы мен тұрақтылығына әсер ете аламыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Маркова А.К., Матис Т.А., Орлов А.Б. Формирование мотивации учения. – М., 1990
2. <http://slovarozhegova.ru/>
3. <https://sozdikqor.kz/search?q=Мотивация#page-2>
4. <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=104#page-4>
5. Dewey, J. (1938). Experience and Education. New York: Collier Books.
6. <https://www.vestnik-kafu.info/journal/1/26/>
7. Воронцов А.Б., Чудинова Е.В. Учебная деятельность. М., 2004. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2015/03/15/puti-povysheniya-uchebnoy-motivatsii-uchashchikhsya>

## ПОВЫШЕНИЕ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ПОМОЩЬЮ ЭФФЕКТИВНЫХ СТРАТЕГИЙ

*Ибрагим Жаңылай, Жаксибаева Дарига, Жабықбай Елнұр*



**Научный руководитель:** Г.И. Салгараева

*В статье подчеркивается важность повышения учебной мотивации младших школьников с помощью эффективных стратегий в сфере образования. Данное исследование актуализируется с целью выявления современных стратегий повышения мотивации учащихся начальных классов в образовательном процессе и демонстрации их преимуществ.*

**Ключевые слова:** мотивация, мотивация к обучению, эффективные стратегии обучения, эффективный метод подходы

## **ENHANCING LEARNING MOTIVATION OF JUNIOR HIGH SCHOOL STUDENTS WITH THE HELP OF EFFECTIVE STRATEGIES**

*Ibragim Zhanilay, Zhaksibayeva Dariga, Zhabykbay Elnur*

**Scientific Supervisor:** G.I. Salgaraeva

*The article emphasizes the importance of increasing the learning motivation of junior schoolchildren with the help of effective strategies in education. The given research is actualized with the purpose of revealing modern strategies of increase of motivation of pupils of primary classes in educational process and demonstration of their advantages.*

**Keywords:** motivation, motivation to learn, effective learning strategies, effective method of approaches.

## **REFERENCES**

1. Markova A.K., Matis T.A., Orlov A.B. Formation of teaching motivation. - М., 1990.
2. <http://slovarozhegova.ru/>
3. <https://sozdikqor.kz/search?q=Мотивация#page-2>
4. <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=104#page-4>
5. Dewey, J. (1938). Experience and Education. New York: Collier Books.
6. <https://www.vestnik-kafu.info/journal/1/26/>
7. Vorontsov A.B., Chudinova E.V. Learning activity. М., 2004. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2015/03/15/puti-povysheniya-uchebnoy-motivatsii-uchashchikhsya>